

Железин ауданы Михайлов ауылдық округінің Михайловка ауылында көшені қайта атау туралы

Павлодар облысы Железин ауданы Михайлов селолық округі әкімінің 2023 жылғы 11 қазандағы № 7-ш шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, Михайлов ауылдық округінің Михайловка ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 9 қарашадағы отырысының хаттамасы негізінде, Михайлов ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Железин ауданы Михайлов ауылдық округі Михайловка ауылындағы "Куйбышев" көшесі "Отан" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Михайлов ауылдық округінің әкімі

А. Орынтаев